

Бекітемін:
КМК «ОБКА» директоры
Бидайбаев А.Н. _____

Қарағанды қ. Облыстық балалар клиникалық ауруханасы

ДӘРІГЕРЛЕРДІҢ ЭТИКАЛЫҚ КОДЕКСІ

Гиппократтың антын, қайырымдылық және ізгілік қағидасын, Бүкіләлемдік Медициналық Ассоциация этикасын және ҚР заңының азаматтардың денсаулығына және медициналық көмек құқығы бөліміне, денсаулық саласында дәрігердің ролін жариялап анықтауға, дәрігермен пациенттің негізгі қарым қатынасын және құқықтық реттеу механизмін дәрігерлік этикамен толықтыру керектігін есепке ала отыра, әрбір дәрігер өзінің дәрігерлік қызметіне медициналық қауымдастық алдында моральдық жауапкершілік жүргізетінін, медициналық қауымдастық бүкіл қоғам алдында өзінің мүшелері үшін жауапкершілік жүргізетінін мәлімдей отыра, Қарағанды қаласы, Облыстық балалар клиникалық ауруханасының дәрігерлер ұжымы осы Этикалық Кодексті қабылдады.

ЖАЛПЫ ЖАҒДАЙ

Облыстық балалар клиникалық аурухана дәрігерінің негізгі кәсіби мақсаты-Баланың өмірін қорғау және үргенттік , жоспарлы медициналық көмектің сапасын жақсарту.

Дәрігер міндетті түрде үргенттік медициналық көмек көрсету ге дайын болуы керек, адамның жасына және жынысына , ауыру сипатына , ұлттық қатынастығына, діни және саяси сеніміне әлеуметтік және материалдық жағдайына немесе басқа өзгешелігіне байланыссыз тұрақты түрде білікті көмек көрсетуге дайын болуы керек. Жарлыға өтеусіз көмек ұсыну әдепті және ақталған.

Дәрігер барлық ашық әдістермен халықаралық денсаулығын қорғау ісіне мүмкіндік туғызуға, оның ішінде, медицина, гигиена, экология және мәдени қарым қатынас сұрақтары бойынша ағарту жұмыстарын жүзеге асыра отырады.

Дәрігер, адам абыройын, баланың қасиетін қорлауға немесе түрлі қатыгездік формасының көрінуін ықпалсыз қалдырмайды және оған рұқсат бере алмайды.

Облыстық балалар клиникалық аурухана дәрігерлерінің негізгі жағдайы-дәрігерлердің кәсіби құзыреттілігі: оның арнайы білімі және дәрігерлік шеберлігі.

Дәрігер өзінің білімін тереңдетуге белсенді ұмытылуы керек, медицина көмегінің сапасы, алған білімнен жоғары болмайтынын назарға ала отыра,.

Гуманитарлық адамгершілік бағытымен қатар, өзіне жоғарғы талапкерлік жорамалдаушы, жек қатесін түзетуге және мойындауға қабілетті тек кәсіби құзыреттілік дәрігерге медициналық шешімді өздігінше шешуге құқық береді .

Балаға, әдейілеп не салақтықпен материалдық немесе адамгершілік және физикалық зиян келтіруге жол берілмейді. Дәрігер бұндай зиян келтіретінін үшінші тұлғаның әрекетіне қатынассыз қарауға құқылы емес.

Егер, зерттеу немесе емдеу аурумен түйіндесе , балаға басқа қиын факторлармен немесе мәжбүр ету шараларын қолданумен жүргізілсе, дәрігер араласудан болуы мүмкін асқынуларды және потенциалды пайданы салыстыруға міндетті. Дәрі аурудан ащы болмауы керек.

Дәрігердің қағидасын және білімін теріс пайдалану, Облыстық балалар клиникалық ауруханасының дәрігерлік кәсібімен сыйыспайды.

Дәрігер құқылы емес: - өзінің білімін және мүмкіндіктерін мейірімсіз мақсатта пайдалануға- медициналық шараларды жеткіліксіз негізбен пайдаланып немесе одан бас тартуға. –медициналық ықпалды баланы жазалау мақсатымен пайдалану сонымен қатар , үшінші тұлғаның мүддесіне пайдалануға.

Дәрігер балаға, оның ата-анасына өзінің философиялық , діни және саяси көзқарастарын байлауға құқылы емес. Дәрігердің жеке теріс ұғымдары немесе басқа кәсіби емес себептері диагностикалауға және емдеуге ықпал етпеуі керек.

Дәрігер, өзінің емдеу жағдайымен немесе баланың психикалық мүмкіншілдігінің жоқтығын пайдалана отыра , жеке мақсатта оның еңбегін пайдалануға , сонымен қатар қорқытып алуға немесе паракорлыққа құқылы емес.

Дәрігер пациенттен және оның жақындарынан алғыс алуға құқылы.

Облыстық балалар клиникалық ауруханасының дәрігері, ерікті болуға міндетті.

Дәрігердің құқығы және парызы –өзінің кәсіби тәуелсіздігін сақта. Соғыс және бейбітшілік кезде жаңа туғандарға және қарттарға , әскери қызметкерлерге және

азаматтық тұлғаларға медициналық көмек көрсете отыра, , дәрігер, өзіне кәсіптік шешімнің барлық жауапкершілігін толығымен өзіне алады. , сондықтан әкімшілік , пациент және басқа тұлғалар жағынан , небір қысым әрекеттерін қабыл алмауға міндетті.

Облыстық балалар клиникалық ауруханасының дәрігері- небір физикалық және заңды тұлғалармен ынтымақтастықтан бас тартуы керек, егер ол этикалық принциптерге , кәсіби парызға немесе заңға қайшы келтіретін болса.

Сараптамаларда , консилиумдарда , комиссияларда , кеңестерде т.б., қатыса отыра дәрігер анық және ашық түрде өзінің бағытын мәлімдуде, өзінің көзқарасын қорғауға қысым болған жағдайда – заңды және қоғамдық қорғауға сүйенуге.

Облыстық балалар клиникалық ауруханасының **дәрігері медициналық көмектің сапасына жауап береді.**

Көрсетілетін медициналық көмектің сапасы ең жоғарғы деңгейде болу үшін, дәрігер барлық күшін салуы керек.

Дәрігермен көрсетілген медициналық көмектің сапасын, дәрігерлік ассоциациямен аккредитацияланған әріптестері бағалай алады.

Облыстық балалар клиникалық ауруханасының **дәрігері пациентпен жұмыс жасаудан бас тартуға құқылы .**

Пациентпен жұмыс жасауға бас тартуды, аурухананың әкімшілігін ескерте отыра , басқа маманға жүктеуге құқылы, келесі жағдайда:

- көмек түрін көрсетуге, керекті техникалық қабілеттік бейімділігі болмаса, егер өзін кем құзыретті санаса;
- медициналық көмектің түрі дәрігердің адамгершілік принциптеріне қарсы болса;
- дәрігер, баламен және оның ата-анасымен емдеу қарым-қатынас орната алмаса.

Дәрігер және пациенттің құқығы

Облыстық балалар клиникалық ауруханасының дәрігері баланың және оның отбасының абыройын және намысын құрметтеу керек, балаға деген дөрекі және мейірімсіз қатынас, оның адамгершілік қасиетін кемсіту , басқада артықшылық көрсету, жоғары бағалаунемесе ұнатпаушылық көрсеті , дәрігер жағынан рұқсат етілмейді.

Баланың еркіндігіне ең аз қысым келтіру жағдайда медициналық көмек көрсету керек, олай болған жағдайда, баланың тәртібіне медициналық бақылау бекіту көрсеткіштерінде керекті шегінде медициналық араласуға қатаң түрде шек қою.

Баланың мүддесінде дау шыққанда , дәрігер, ерекші ықыласты баланың мүддесіне көрсету керек, егер. оның жүзеге асырылуы пациентке немесе айналасындағыларға зиян келтірмесе.

Дәрігер және өзінің жағдайы туралы дәлме-дәл

ақпаратқа пациенттің құқығы.

Облыстық балалар клиникалық ауруханасының дәрігері, «емдеу ынтымақтастыққа » ұмтыла , пациент дәрігермен одақтас бола түскенде, пациентпен қарым қатынасты өзара сенім және өзара жауапкершілік негізінде және өзара жауапкершілік орнатуы керек. Балаға және оның отбасына медициналық шараның жоспарын түсүндіріп, мүмкіндіктерді ажарламай және болуы мүмкін асқынуларды жасырмай , нық сенімде, түсүнікті деңгейде денсаулықтың мәселесін талқылауы керек. Дәрігер орындалмайтынға уәде бермеуі керек және уәде бергенді орындауы керек. Егер, баланың физикалық немесе психологиялық жағдайы сенімді қатынас орнатуға мүмкіндік бермесе, дәрігердің көзқарасында көптеген дәрежеде баланың мүддесіменсәйкес келетін оның заңды өкілімен , туысқанымен немесе жақын адамымен қатынас орнатуы керек.

Дәрігер және басқа бөтен ықпалмен шек қойылмаған

медициналық көмек алуға пациенттің құқығы.

Облыстық балалар клиникалық ауруханасының дәрігері, медициналық көмек көрсеткенде өзінің білімімен және жеке тәжірибесімен , тек қана баланың мүддесін басшылыққа алады. Дәрігермен-бала қарым –қатынасына ешқандай араласу, жалпы емдеу процессіне , ерекше дәрігердің өтінішісіз рұқсат етілмейді.

Кәсіптік қиындықтар туылған кезде, дәрігер көмекке жүгінуі керек.

Дәрігер және пациенттің емделуге келісім

беруі немесе бас тартуы.

Ақпараттандырылған , ұғынған және ерікті медициналық көмекке баланың және оның отбасының келісім, оның жекелеп қалаған түрі өздігінен еркін білдіру емес, ол нәтижелі медициналық ынтымақтастықтың нәтижесі.

Облыстық балалар клиникалық ауруханасының дәрігерінің тәртібі-баланың және оның отбасының дамуына мүмкіндік туғызатын , өзінің әрекетіне жауапкершілік сезім. Ешқандай медициналық араласу баланың және оның отбасының келісімінсіз жүргізілмейді, кейбір жағдайдан басқа, егер:

-баланың және оның отбасының физикалық немесе психологиялық жағдайы ұғынған шешімге мүмкіндік бермесе;

-пациент айналасындағыларға қауіп көзі болса. Бұл жағдайда дәрігермен еріксіз шара қолдану керек және ол әдепті.

Дәрігерге мәжбүрлеу тексеру және емдеу жүргізу жүктелген кезде. Ол шараларды заңның талаптарына қатаң сәйкестікте жүргізеді. Облыстық балалар клиникалық ауруханасының дәрігері мәжбүрлеу шараларды пайдалана емдеуге және оған медициналық көрсеткіштер болмаса әрекет жасауға құқылы емес.

Дәрігер және дәрігерлік құпияны сақтауға пациенттің құқығы.

Бала және оның отбасы, дәрігер барлық медициналық және оған сенілген ақпаратты құпияда сақтайды деп есептеуге құқылы. Дәрігер, тексеру және емдеу барысында алынған және медициналық көмекке жүгінген деректерді баланың немесе оның заңды өкілінің рұқсатынсыз жария қылуға құқылы емес. Облыстық балалар клиникалық ауруханасының дәрігері, медициналық құпияны жария етуге жол бермеуге барлық шар қолдануы керек.

Құпияны жария ету , медициналық ақпаратты хабарлау жағдайы болып табылмайды:

- кәсіби кеңестік мақсатпен;
- ғылыми зерттеу өткізу мақсатында, емдеу-сауықтыру бағдарламаның нәтижелі бағалауында , медициналық көмек және оқу процесінің сапа сараптамасында;
- егер дәрігердің маңызды зиян келтіргенін сақтап қалуға басқа мүмкіндік болмағанда пациенттің өзіне немесе айналасындағыларға;
- соттың шешімі бойынша.

Дәрігер және лайықты өлімге пациенттің құқы.

Эвтаназия, баланың өмірінен әдейі айыру актісі сияқты, оның туысқандарының сұрауымен , сонымен қатар әрекетсіздік формасында жүргізуге жол берілмейді. Пассивтік әрекетсіздік, өліп бара жатқан науқастың төсегінде емдеу әрекетін тоқтату болып түсүнік беріледі.

Облыстық балалар клиникалық ауруханасының дәрігері, өліп бара жатушының азабын барлық қол жетімді және ашық әдістермен жеңілдетуі керек. Дәрігер балаға және оның отбасына түрлі діни конфессияның қызмет етуші рухани қолдауына кепілдік беруге міндетті. Секциялық зерттеуге рұқсат беріледі., егер. өлушінің отбасы белсенді түрде өткізуден бас тартса, заңмен қарастырылған басқа жағдайларда.

Дәрігер және дәрігерді таңдауға пациенттің ерікті құқы.

Облыстық балалар клиникалық ауруханасының дәрігері, баласының әрі қарай емделуін басқа дәрігерге сеніп тапсыруды шешкен ата-анаға бөгет жасауға құқылы емес. Түрлі нысанда өзін-өзі жарнамалау , дәрігерлік этикамен сыйымсыз.

Әріптестермен және басқа медицина персоналымен қарым-қатынас

Облыстық балалар клиникалық ауруханасының дәрігері- медициналық қауымдастықтың игілікті дәстүрін және абыройын сақтауға міндетті.

Дәрігер өмір бойы, өзін дәрігерлік шеберлікке үйретушіге қатынасты міндеттері бойынша құрмет және алғыс сақтауға міндетті.

Дәрігер, дәрігерлік қауымдастықтың бірігуіне байланысты, қолдан келгенін жасауға міндетті, дәрігерлер ассоциация жұмысына белсене қатысу, әріптестерінің намысын және абыройын қорғауға. Дәрігердің моральдық міндеті , дәрігерлік қауымдастықтың қатарын тазалықпен сақтау, өзінікі сияқты әріптестерінің қателерін әділ зертте, пациенттің денсаулығына зиян келтіретін түрлі кәсіби емес қатысы жоқ әріптестерді және тәжірибеге әділетсіздіктерге белсенді түрде жол бермеуге.

Облыстық балалар клиникалық ауруханасының дәрігері- **әріптестеріне қатынасты , өзіне өзіне қарым-қатынас қалай болсын десе , солай қарауы керек.**

Дәрігер-әріптестеріне қарым-қатынаста адал, әділ, тілектес, парасатты болып білімге және тәжірибеге құрметпен қарап, сонымен қатар өзінің білімін және тәжірибесін риясыз беруге дайын болуы керек.

Әріптестеріне деген сын , аргументтелген және тіл тигізілмеуі керек. Сынға әріптестің жеке басы емес, кәсіптік әрекеті жатады.

Өзінің беделін, әріптестерінің кемсіту жолымен нығайту әрекетіне жол берілмейді.

Облыстық балалар клиникалық ауруханасының дәрігері- пациенттердің және оның туысқандарының көзінше , өзінің әріптестерінің жұмыс туралы жағымсыз пікір айтуға құқылы емес.

Дәрігер, өзінің әріптестерінен пациентті өзіне тартуға құқылы емес., әріптестеріне және оның туысқандарына өтеусіз медициналық көмек көрсету – әдепті және адамгершілікті көрсетеді.

Дәрігер, өзіне жаңа әдісті тәжірибеде пайдаланғанда

шеткі сақтықты сақтауы керек.

Жаңа медициналық технологиялар және дәрі-дәрмектер, медицина ассоциациямен және ҚР ДСМ бұйрығымен мақұлданғаннан кейін ғана дәрігерлік тәжірибеде пайдаланылады.

Дәрігер, кәсіби емес каналдар арқылы жаңа емдеу әдістерін және басқа жаңалықтарды жарнамалаудан құтылуы керек.

Этикалық кодекстің қолдану шегі, реті

және оны бұзу жауапкершілігі.

Бұл кодекс, Облыстық балалар клиникалық ауруханасында өз күшіне еніп және барлық дәрігерлерге міндетті.

Аурухана әкімшілігі және дәрігерлер ассоциациясы, кодексті бұзушыға өзінің жарғысына және басқа құжаттарға сәйкес, жазалауға құқылы.

Этикалық мөлшердің бұзылуы, бір мезгілде Қазақстан Республикасының әрекеттегі заңының ережесін қозғаса, дәрігер заң бойынша жауапкершілікке тартылады.

Этикалық кодекс аурухана кеңесінде бекітілген, 2019 жыл сәуір айы.